

Электрондық терминалдар мен қашықтан кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық ақшаны пайдалану арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары бойынша мәліметтерді ұсыну ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2010 жылғы 29 наурыздағы № 16 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 6 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6217 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 213 (01.04.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.08.2016 № 213 (01.04.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 268 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қолданушылардың назарына!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 268 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Электрондық терминалдар мен қашықтан кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық ақшаны пайдалану арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары бойынша мәліметтерді ұсыну ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 268 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Осы қаулы 2011 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Төлем карточкалары бойынша мәліметтер жасау және ұсыну жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2005 жылғы 3 ақпандығы № 21 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3495 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

4. Төлем жүйелері департаменті (Мұсаев Р.Н.):

1) Заң департаментімен (Өртембаев А.Қ.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мұдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және өкілдігіне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастыры" заңды тұлғалар бірлестігіне, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігіне, екінші деңгейдегі банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға және "Қазақстан Даму банкі" акционерлік қоғамына жіберсін.

5. Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаменті (Терентьев А.Л.) Төлем жүйелері департаментінен жариялауға өтінім алған күннен бастап үш күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.А. Әлжановқа жүктелсін.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Г. Марченко

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2010 жылғы 29 наурыздағы
№ 16 қаулысымен
бекітілді

**Электрондық терминалдар мен қашықтан кіру жүйелері, сондай-ақ
электрондық ақшаны пайдалану арқылы жүзеге асырылған ақша
төлемдері мен аударымдары бойынша мәліметтерді ұсыну
ережесі**

**Ескерту. Ереженің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 2012.08.24 № 268 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі)
Қаулысымен.**

1. Осы Электрондық терминалдар мен қашықтан кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық ақшаны пайдалану арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары бойынша мәліметтерді ұсыну ережесі (бұдан әрі – осы Ереже) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан

Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының, "Қазақстан Даму банкі" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – банктер) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) электрондық терминалдар мен қашықтан кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық ақшаны пайдалану арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары бойынша мәліметтерді ұсыну тәртібін, нысандарын және мерзімдерін айқындайды..

Ескерту. 1-тармақ жана редакцияда - КР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 268 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Осы Ережеде "Ақша төлемі мен аударымы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы, "Ақпараттандыру туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы Зандарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1260 тіркелген "Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын шығару және пайдалану ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 24 тамыздағы № 331, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4468 тіркелген "Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 27 қазандағы № 106, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5189 тіркелген "Екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың электрондық банк қызметін көрсету ережесін бекіту туралы" 2008 жылғы 28 наурыздағы № 18 қаулыларында көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) банктік киоск – банктің ақпарат жүйесіне қосылу арқылы немесе ақпараттық-банктік қызмет көрсетудің интернет-ресурсына кіру арқылы өзіне өзі қызмет көрсету режимінде қолма-қол ақша беру (қабылдау), ақша төлемі мен аударымы, валюталар айырбастау бойынша операцияларды және банк операцияларының өзге түрлерін жүргізу ді, оның ішінде төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізу ді қоса алғанда, сондай-ақ тиісті операцияларды жүргізу фактісін растайтын құжаттарды жасауға арналған компьютерлік клавиатурасы бар электрондық-механикалық құрылғы;

2) банктің қызмет көрсету желісі – банктің иелігіндегі, электрондық банк қызметін көрсету кезінде пайдаланылатын электрондық-механикалық құрылғылардың жиынтығы;

3) басқа банктің қызмет көрсету желісі – кез келген басқа банктің иелігіндегі, электрондық банк қызметін көрсету кезінде пайдаланылатын электрондық-механикалық құрылғылардың жиынтығы;

4) импринтер – төлем карточкасының бет жағына слиптегі таңба түсіруді орындау арқылы слипптерді ресімдеуге арналған механикалық құрылғы;

5) қашықтан кіру жүйесі – төлем және өзге хабарларды өткізу үшін банкпен байланыс жасалатын арна;

6) қолдан жасалған төлем карточкасы – заңсыз жолмен жасалған, ішінара немесе толық қолдан жасалған төлем карточкасы;

7) қосарланған прокат – төлем карточкасын пайдалана отырып жүзеге асырылған бір операция бойынша бірнеше чекті ресімдеу;

8) қосымша төлем карточкасы – клиенттің сенім білдірілген тұлғасының атына эмиссияланған төлем карточкасы;

9) кредиттік лимиті бар дебеттік төлем карточкасы – төлем карточкасын беру және қызмет көрсету шартына сәйкес не ұстаушының келесі өтінімі бойынша эмитент берген заем сомасы шегінде төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндігі берілетін дебеттік төлем карточкасы;

10) бір сәттік төлем терминалы – банк шотына қолма-қол ақша салу арқылы төлемдер жүргізуге және ақша есептеуге, өзіне-өзі қызмет көрсету режимінде ақпараттық-банктік қызметті алуға, сондай-ақ тиісті операцияларды жүргізу фактісін растайтын құжаттарды жасауға арналған сенсорлық құрылғы;

11) негізгі төлем карточкасы – ұстаушысы клиент болып табылатын төлем карточкасы;

12) POS-терминал – төлем карточкасын пайдалану және банктің банктік ақпарат жүйесімен қосылу арқылы тауарлар немесе қызмет көрсетулер үшін, оның ішінде POS-терминал орнатылған банкке ақы төлеу, сондай-ақ қолма-қол ақша беру жүзеге асырылатын электрондық-механикалық құрылғы;

13) процессинг орталығы – төлем карточкаларымен операциялар бойынша процессингті және төлем карточкаларының қатысуышыларымен шарттарда көзделген өзге функцияларды жүзеге асыратын оператор;

14) сауда нұктесі – тауарлар және қызмет көрсету үшін ақы төлеуді жүзеге асыруға арналған POS-терминалдың орналасқан жері;

15) төлем карточкаларын пайдалана отырып алаяқтық операциялар – төлем карточкасын, оның деректемелерін, қолдан жасалған төлем карточкасын немесе өзге заңсыз тәсілді пайдалана отырып, төлем карточкасының ұстаушысы немесе үшін тұлға жасаған заңсыз қолма-қол емес төлемдер, ақша аударымдары және/ немесе қолма-қол ақша беру бойынша операциялар;

16) төлем карточкасының сәйкестендіру нөмірі – төлем карточкасындағы, эмитент осы төлем карточкасын сәйкестендіру мақсатында қолданатын цифrlардың комбинациясы.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.07.2014 № 105 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Электрондық терминалдар мен қашықтан кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық ақшаны пайдалану арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары бойынша мәліметтерге:

- 1) Ереженің 1-қосымшасына сәйкес № 1 нысан бойынша электрондық терминалдардың саны туралы мәліметтер;
- 2) Ереженің 2-қосымшасына сәйкес № 2 нысан бойынша айналыстағы төлем карточкаларының саны туралы мәліметтер;
- 3) Ереженің 3-қосымшасына сәйкес № 3 нысан бойынша төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақша беру бойынша операциялардың саны және көлемі туралы мәліметтер;
- 4) Ереженің 4-қосымшасына сәйкес № 4 нысан бойынша операциялардың саны және көлемі туралы мәліметтер;
- 5) Ереженің 5-қосымшасына сәйкес № 5 нысан бойынша аймақтар бойынша операциялардың саны және көлемі туралы мәліметтер;
- 6) Ереженің 6-қосымшасына сәйкес № 6 нысан бойынша төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған алаяқтық операциялардың көлемі туралы мәліметтер;
- 7) Ереженің 7-қосымшасына сәйкес № 7 нысан бойынша электрондық ақша эмитенті агенттерінің және электрондық ақша иелерінің саны туралы мәліметтер;
- 8) Ереженің 8-қосымшасына сәйкес № 8 нысан бойынша электрондық ақшаны пайдалана отырып жүргізілген операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер;
- 9) Ереженің 9-қосымшасына сәйкес № 9 нысан бойынша айналыстағы электрондық ақшаның саны және электрондық ақшаны шығару мен өтеу бойынша операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер;
- 10) Ереженің 10-қосымшасына сәйкес № 10 нысан бойынша электрондық ақша эмитенті агенттерінің электрондық ақшаны иемдену және өткізу бойынша операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер;
- 11) Ереженің 11-қосымшасына сәйкес № 11 нысан бойынша төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылатын операциялар бойынша банк шоттарындағы ақша қалдықтары туралы мәліметтер;
- 12) Ереженің 12-қосымшасына сәйкес № 12 нысан бойынша процессинг орталығы және басқа банктармен өзара іс-эрекеті туралы мәліметтер кіреді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.07.2014 № 105 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Банктер Ұлттық Банкке:

- 1) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 7-нен кешіктірмей - Ереженің 3-тармағының 1) - 5) және 11) тармақшаларында көзделген;

2) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 7-нен кешіктірмей - Ереженің 3-тармағының 6) - 10) тармақшаларында көзделген;

3) Ереженің 12-қосымшасына сәйкес № 12 нысанның бір талабы өзгерген күннен бастап он жұмыс күні ішінде - Ереженің 3-тармағының 12) тармақшасында көзделген мәліметтерді ұсынады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - КР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.07.2014 № 105 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Төлем карточкаларының эмитенттері Ұлттық Банкке Ереженің 3-тармағының 1) - 6) және 11) тармақшаларында көзделген мәліметтерді ұсынады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - КР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.07.2014 № 105 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5-1. Электрондық ақша эмитенттері Ұлттық Банкке осы Ереженің 3-тармағының 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында көзделген мәліметтерді ұсынады.

Ескерту. Ережені 5-1-тармақпен толықтырылды - КР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 268 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

6. Төлем карточкаларының эмитенттері болып табылмайтын эквайерлер Ұлттық Банкке осы Ереженің 3-тармағының 1), 3)-5) тармақшаларында көзделген мәліметтерді ұсынады.

7. Басқа банктерден POS-терминалдарды және/немесе импринтерлерді пайдалану үшін алған және кәсіпкерлермен төлем карточкаларына қызмет көрсету үшін шарт жасаған банк Ұлттық Банкке осы Ереженің 3-тармағының 1), 3)-5) тармақшаларында көзделген операциялар туралы мәліметтерді ұсынады.

8. Басқа банктерден банкоматтарды және банктік киоскілерді пайдалану үшін алған банк Ұлттық Банкке осы Ереженің 3-тармағының 1), 3)-5) тармақшаларында көзделген операциялар туралы мәліметтерді ұсынады.

9. Қазақстан Республикасының резидент емес эмитенттері шығарған төлем карточкаларын тарататын Қазақстан Республикасының банктері Ұлттық Банкке осы Ереженің 3-тармағының 2) тармақшасында көзделген мәліметтерді ұсынады.

10. Төлем карточкаларының эмитенттері және/немесе эквайерлері болып табылмайтын, электрондық терминалдар және қашықтан кіру жүйесі арқылы клиенттерге электрондық банк қызметін көрсететін банктер Ұлттық Банкке осы Ереженің 3-тармағының 1), 4) және 5) тармақшаларында көзделген мәліметтерді ұсынады.

11. Есепті кезеңде қызмет көрсету желісінде басқа банктердің төлем карточкаларын ұстаушыларына қызмет көрсетілген банктер, оның ішінде

процессингті жүзеге асыратын банктер төлем карточкаларының эмитенттері банктерге осы Ереженің 3-тармағының 3-6) тармақшаларында көзделген мәліметтерді ұсынады.

11-1. Ереженің 5 және 6 - 9-тармақтарында көрсетілген банктер Ұлттық Банкке Ереженің 3-тармағының 12) тармақшасында көзделген мәліметтерді ұсынады.

Ескерту. Ереже 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.07.2014 № 105 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12. Егер операция шетел валютасымен жүргізілсе, ол бойынша мәліметтер операция жүргізу сәтіндегі валюталардың нарықтық айырбастау бағамы бойынша тенгеде қайта есептеліп ұсынылады.

13. Электрондық терминалдар мен қашықтан кіру жүйелері арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары бойынша мәліметтер Ұлттық Банкке Ұлттық Банк белгілеген ақпарат беру форматтарында электрондық тәсілмен ұсынылады.

14. Алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.07.2014 № 105 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Электрондық терминалдар мен қашықтан
кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық
акшаны пайдалану арқылы жүзеге
асырылған
ақша төлемдері мен аударымдары
бойынша
мәліметтерді ұсыну ережесіне
1-қосымша

№ 1 нысан

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.07.2014 № 105 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Электрондық терминалдардың саны туралы мәліметтер

банктің атауы

20__ жылғы "___" _____

күні айы

| Облыстың, астананың, | POS-терминалдар саны (бірлік) | Импринтерлер саны (бірлік) | Банкоматтар саны (бірлік) | Банктің |
|----------------------|-------------------------------|----------------------------|---------------------------|---------|
| | | | | |

| респубикалық маңызы бар қаланың атаяу | банктердегі кәсіпкерлердегі функциясымен | банктердегі кәсіпкерлердегі функциясымен | қолма-қол ақша беру | қолма-қол ақша беру | төлем карточка | | |
|---|---|---|------------------------|------------------------|-------------------|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| Ақмола | | | | | | | |
| Ақтөбе | | | | | | | |
| Алматы | | | | | | | |
| Атырау | | | | | | | |
| Шығыс Қазақстан | | | | | | | |
| Жамбыл | | | | | | | |
| Батыс Қазақстан | | | | | | | |
| Қарағанды | | | | | | | |
| Қостанай | | | | | | | |
| Қызылорда | | | | | | | |
| Маңғыстау | | | | | | | |
| Павлодар | | | | | | | |
| Солтүстік Қазақстан | | | | | | | |
| Оңтүстік Қазақстан | | | | | | | |

| | | | | |
|------------------|--|--|--|--|
| Алматы қаласы | | | | |
| Астана қаласы | | | | |

Басшы _____

(Тегі, Аты, Әкесінің аты)

Орындаушы _____

(Тегі, Аты, Әкесінің аты) телефон

20 ____ жылғы "____" ____

Мәліметтерді толтыру бойынша түсіндірмелер

1. Осы Мәліметтердің 2-13-бағандарында көзделген, электрондық терминалдардың саны туралы мәліметтер есепті айдың соңғы күні олардың орналасқан жері бойынша көрсетіледі.

2. 2 және 3-бағандарда банктің POS-терминалдарының саны орналасқан жері бойынша (банктерде немесе кәсіпкерлерде) бөліп көрсетіледі.

3. 4 және 5-бағандарда банктің импринтерлерінің саны орналасқан жері бойынша (банктерде немесе кәсіпкерлерде) бөліп көрсетіледі.

4. 6 және 7-бағандарда банктің банкоматтарының саны функционалдық мүмкіндіктері бойынша бөліп көрсетіледі.

5. 8, 9 және 10-бағандарда банктік киоскілердің саны функционалдық мүмкіндіктері бойынша бөліп көрсетіледі.

6. 11-бағанда POS-терминалдар орнатылған сауда нұктелерінің көрсетіледі.

7. 12-бағанда эквайермен төлем карточкаларына қызмет көрсету шартын жасаған кәсіпкерлердің саны көрсетіледі.

8. 13-бағанда есепті айдың соңғы күнгі банктің жедел төлем терминалдарының саны көрсетіледі.

Электрондық терминалдар мен қашықтан кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық ақшаны пайдалану арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары бойынша мәліметтерді ұсыну ережесіне 2-қосымша

№ 2 нысан

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.07.2014 № 105 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Айналыстағы төлем карточкаларының саны туралы мәліметтер

банктің атауы

20__ жылғы "_____" __
күні айы

| | | | | | | |
|---|--|--|--|--|--|--|
| Солтүстік Қазақстан | | | | | | |
| Оңтүстік Қазақстан | | | | | | |
| Алматы қаласы | | | | | | |
| Астана қаласы | | | | | | |
| Қазақстан Республикасынан тыс жерде | | | | | | |

Басшы _____

(Тегі, Аты, Әкесінің аты)

Орындаушы _____

(Тегі, Аты, Әкесінің аты) телефон

20 ____ жылғы "____" _____

Мәліметтерді толтыру бойынша түсіндірмелер

1. 2-бағанда Мәліметтер ұсынылатын төлем карточкасы жүйесінің атауы көрсетіледі.

2. 3-6-бағандарда негізгі және қосымша төлем карточкаларын ескере отырып, есепті айдың соңғы күнінде айналысқа шығарылған төлем карточкаларының саны көрсетіледі.

3. 7-10 бағандарда негізгі және қосымша төлем карточкаларын ескере отырып, есепті айда операцияларды жүргізу және ақпараттық-банк қызметін алу үшін пайдаланылған төлем карточкаларының саны көрсетіледі. Есепті айда бірнеше рет пайдаланылған төлем карточкасы бір рет көрсетіледі.

4. 11-бағанда есепті айдың соңғы күніндегі төлем карточкалары ұстаушыларының саны көрсетіледі. Бір ұстаушыда бірнеше төлем карточкалары болған жағдайда, осында ұстаушы бір рет көрсетіледі.

5. "Қазақстан Республикасынан тыс жерде" деген жолда банк шетелде таратқан төлем карточкалары бойынша мәліметтер көрсетіледі.

Электрондық терминалдар мен қашықтан
кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық
ақшаны пайдалану арқылы жүзеге
асырылған
ақша төлемдері мен аударымдары
бойынша
мәліметтерді ұсыну ережесіне
3-қосымша

№ 3 нысан

Ескерту. З-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.07.2014 № 105 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақша беру бойынша операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер

бантің атауы

20 ____ жылғы _____
ауды

| Операция жүргізу ортасы | Төлем карточкасы жүйесінің атауы | Операция белгісі | Байланыс жүйесі /арнасы | Қолма-қол ақшаны беру бойынша операциялар | |
|-------------------------|----------------------------------|------------------|-------------------------|---|--------------------|
| | | | | саны (бірлік) | сомасы (мың тенге) |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |

Басшы _____

(Тегі, Аты, Экесінің аты)

Орындаушы _____

(Тегі, Аты, Экесінің аты) телефон

20 ____ жылғы "____" _____

Мәліметтерді толтыру бойынша түсіндірмелер

1. Төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақшаны беру бойынша операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер тұтастай алғанда, банк бойынша ұсынылады.

2. 1-бағанда операцияны жүргізудің тиісті ортасы көрсетіледі:

- 1) банкомат;
- 2) POS-терминал;
- 3) импринтер;
- 4) банктік киоск.

3. 2-бағанда Мәліметтер ұсынылатын төлем карточкасы жүйесінің атауы көрсетіледі.

4. 3-бағанда Мәліметтер ұсынылатын тиісті операцияның (банк шотынан ақшаны есептен шыгарған кезде) белгісі көрсетіледі.

I - банктің төлем карточкаларын пайдалана отырып, өзінің желісінде жасалған операциялар;

II - банктің карточкаларын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының басқа банкінің желісінде жасалған операциялар;

III - банктің карточкаларын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасынан тыс жерде басқа банктің желісінде жасалған операциялар;

IV - Қазақстан Республикасының басқа банктерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып, банктің өзінің желісінде жасалған операциялар;

V - Қазақстан Республикасының резидент емес эмитенттерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып, банктің өзінің желісінде жасалған операциялар.

5. 4-баған Мәліметтердің 4-тармағында белгіленген II, III, IV және V операцияларының begілері бар халықаралық төлем жүйелерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған операциялар бойынша толтырылады:

1) бір процессинг орталығының пайдаланушылары арасында операцияны жүргізген жағдайда, "1PC" байланыс арнасы көрсетіледі;

2) халықаралық төлем жүйесінің қатысуының түрлі процессинг орталықтарының пайдаланушылары арасында операцияны жүргізген жағдайда, "H2H" байланыс арнасы көрсетіледі;

3) халықаралық төлем жүйесі арқылы түрлі процессинг орталықтарының пайдаланушылары арасында операцияны жүргізген жағдайда, осы жүйенің атавы көрсетіледі.

6. 5 және 6-бағандарда Мәліметтердің 1-5-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес төлем карточкалары бойынша қолма-қол ақшаны беру бойынша жүргізілген операциялардың саны мен сомасы көрсетіледі.

Электрондық терминалдар мен қашықтан кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық ақшаны пайдалану арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары бойынша мәліметтерді ұсыну ережесіне 4-қосымша

№ 4 нысан

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.07.2014 № 105 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер

банктің атауы

20 ____ жылғы _____
айы

Төлем карточкасын немесе оның деректерін пайдалана отырып

Төлем
карточкаларын
пайдаланбай
қолма-қол

| Операцияның түрі | Операцияның жүргізу ортасы | | | | | | акшаны салу арқылы | Төле пайдасындаға |
|------------------|----------------------------|----------------------------------|---------------------|------------------------|------------------------------|--------------------|--------------------|-------------------|
| | | төлем карточкасы жүйесінің атауы | Операцияның белгісі | байланыс жүйесі/арнасы | Операциялардың саны (бірлік) | сомасы (мың теңге) | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |

Басшы _____

(Тегі, Аты, Экесінің аты)

Орындаушы _____

(Тегі, Аты, Экесінің аты) телефон

20 ____ жылғы "____" _____

Мәліметтерді толтыру бойынша түсіндірмелер

1. Операциялардың саны және көлемі туралы мәліметтер төлем карточкаларын немесе оның деректемелерін пайдалана отырып, сондай-ақ оларды электрондық терминалдар арқылы қолма-қол ақша салу, электрондық терминалдарды және қашықтан кіру жүйесін пайдалану бойынша банк шотынан ақша аудару арқылы пайдалана отырып қолма-қол жасалмайтын төлемдер және ақша аударымы бойынша беріледі.

2. 1-бағанда операциялардың мынадай түрлері көрсетіледі:

- 1) тауарларға және материалдық емес құндылықтарға ақы төлеу;
- 2) коммуналдық қызмет көрсетуге ақы төлеу;
- 3) ұялы байланыс операторларының қызметіне ақы төлеу;
- 4) "Қазақтелеком" акционерлік қоғамының қызметіне ақы төлеу;
- 5) кабельдік теледидарға ақы төлеу;
- 6) салық төлемдері;
- 7) кеден төлемдері;
- 8) сактандыру;
- 9) заемдар беру;
- 10) заемдарды өтеу;
- 11) сыйақы төленетін салымдарды орналастыру;
- 12) сыйақы төленетін салымдарды алу;
- 13) клиенттің бір банк шотынан басқа банк шотына аударымдар;
- 14) банк шотын қолма-қол ақша салу арқылы толықтыру;
- 15) ақша төлемі мен аударымының өзге түрлері.

3. 2-бағанда операциялар жүргіздің тиісті ортасы көрсетіледі:

Төлем карточкаларын немесе оның деректемелерін пайдалану кезінде:

- 1) банкомат;

- 2) POS-терминал;
- 3) импринтер;
- 4) банктік дүңгіршек;
- 5) интернет-ресурс;
- 6) ұялы телефон;
- 7) өзге де құрылғы немесе қашықтан кіру жүйесі (атауы).

Төлем карточкаларын пайдаланбай:

- 1) банктік дүңгіршек;
- 2) интернет-ресурс;
- 3) ұялы телефон;
- 4) бір сәттік төлем терминалы;
- 5) өзге де құрылғы немесе қашықтан кіру жүйесі (атауы).

4. 3-7-бағандарда төлем карточкаларын немесе оның деректемелерін пайдалана отырып қолма-қол жасалмайтын ақша төлемі мен аударымы бойынша мәліметтер көрсетіледі.

5. 3-бағанда төлем карточкасы жүйесінің атауы көрсетіледі, ол бойынша мәліметтер ұсынылады.

6. 4-бағанда операцияға сәйкес келетін белгі көрсетіледі (банк шотынан ақшаны есептен шығарған кезде), ол бойынша мәліметтер ұсынылады:

I – банк шығарған төлем карточкаларын пайдалана отырып банктің қызмет көрсету желісінде жасалған операциялар;

II – банк шығарған төлем карточкаларын пайдалана отырып Қазақстан Республикасының басқа банкінің қызмет көрсету желісінде жасалған операциялар;

III – банк шығарған төлем карточкаларын пайдалана отырып Қазақстан Республикасынан тыс басқа банкінің қызмет көрсету желісінде жасалған операциялар;

IV – Қазақстан Республикасының басқа банктері шығарған төлем карточкаларын пайдалана отырып банктің меншікті желісінде жасалған операциялар;

V – Қазақстан Республикасының резидент емес эмитенттері шығарған төлем карточкаларын пайдалана отырып, банктің меншікті желісінде жасалған операциялар.

7. 5-баған Мәліметтердің 6-тармағында белгіленген II, III, IV және V операцияларының белгісі бар халықаралық төлем жүйелерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операциялар бойынша толтырылады. 5-бағанда мынадай деректер көрсетіледі:

- 1) бір процесинг орталығы пайдаланушылары арасында операциялар жүргізілген жағдайда – "1PC";

2) халықаралық төлем жүйелерінің қатысуының түрлі процессинг орталықтары арасында операциялар жүргізілген жағдайда – "Н2Н";

3) түрлі процессинг орталықтары арасында халықаралық төлем жүйелері арқылы операциялар жүргізілген жағдайда осы жүйенің атавы көрсетіледі.

8. 6 және 7-бағандарда Мәліметтердің 1-5-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес төлем карточкаларын және оның деректемелерін пайдалана отырып жүргізілген ақша төлемдері мен аударымының саны мен сомасы көрсетіледі.

9. 8 және 9-бағандарда Мәліметтердің 1-2-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес электрондық терминалдар арқылы қолма-қол ақшаны салу бойынша төлем карточкаларын пайдаланбай жүзеге асырылған операциялардың саны және сомасы көрсетіледі.

10. 10 және 11-бағандарда Мәліметтердің 1 және 2-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес электрондық терминалдарды және қашықтан кіру жүйесін пайдалану бойынша банк шотынан ақша аудару арқылы төлем карточкаларын пайдаланбай жүзеге асырылған қолма-қол жасалмайтын ақша төлемі мен аударымының саны және сомасы көрсетіледі.

Электрондық терминалдар мен қашықтан
кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық
акшаны пайдалану арқылы жүзеге
асырылған
ақша төлемдері мен аударымдары
бойынша
мәліметтерді ұсыну ережесіне
5-қосымша

№ 5 нысан

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.07.2014 № 105 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Аймақтар бойынша операциялардың саны және көлемі туралы мәліметтер

банктің атавы

20__ жылғы "____" ____

күні айы

| Облыстың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың атавы | Операция жүргізу ортасы | Төлем карточкасын пайдалана отырып | | Төлем карточкаларын пайдаланбай қолма-қол ақшаны салу арқылы | Төлем карточкаларын пайдаланбай банк шотынан ақша аудару арқылы |
|---|-------------------------|------------------------------------|---|--|---|
| | | Колма-қол жасалмайтын төлемдер | Колма-қол ақша беру бойынша операциялар | | |
| | | | | | |

| | | | Операциялар саны (бірлік) сомасы (мың тенге) | |
|------------------------|---|---|--|--|--|--|--|--|----|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| Ақмола | | | | | | | | | |
| Ақтөбе | | | | | | | | | |
| Алматы | | | | | | | | | |
| Атырау | | | | | | | | | |
| Шығыс Қазақстан | | | | | | | | | |
| Жамбыл | | | | | | | | | |
| Батыс Қазақстан | | | | | | | | | |
| Карағанды | | | | | | | | | |
| Қостанай | | | | | | | | | |
| Қызылорда | | | | | | | | | |
| Маңғыстау | | | | | | | | | |
| Павлодар | | | | | | | | | |
| Солтүстік Қазақстан | | | | | | | | | |
| Оңтүстік Қазақстан | | | | | | | | | |
| Алматы қаласы | | | | | | | | | |
| Астана қаласы | | | | | | | | | |

Басшы _____

(Аты-жөні)

Орындаушы _____

(Аты-жөні) телефон

20 ____ жылғы "____" _____

Мәліметтерді толтыру бойынша түсіндірмелер

1. Аймақтар бойынша операциялардың саны және көлемі туралы мәліметтер төлем карточкаларын пайдалана отырып, сондай-ақ электрондық терминалдарды және қашықтан кіру жүйесін пайдалану бойынша банк шотынан ақша аудару арқылы төлем карточкаларын пайдаланбай жүзеге асырылған қолма-қол жасалмайтын ақша төлемі мен аударымдары, сондай-ақ қолма-қол ақша беру операциялары бойынша ұсынылады.

2. Мәліметтер операция жүргізу үшін пайдаланылған жабдықтың түрған жері бойынша көрсетіледі. Операциялар интернет-ресурсы, ұялы телефон немесе өзге

де қашықтан кіру жүйесі арқылы жүргізілген жағдайда, мәліметтер банктің ақпарат жүйесіндегі клиенттің банк шотын ағымдағы жүргізу орны бойынша көрсетіледі.

3. 2-бағанда операциялар жүргізудің тиісті ортасы көрсетіледі:

Төлем карточкаларын пайдалану кезінде:

- 1) банкомат;
- 2) POS-терминал;
- 3) импринтер;
- 4) банктік киоск;
- 5) интернет-ресурс;
- 6) ұялы телефон;

7) өзге де құрылғы немесе қашықтан кіру жүйесі (атауы).

Төлем карточкаларын пайдаланбай:

- 1) банктік киоск;
- 2) интернет-ресурс;
- 3) ұялы телефон;

4) өзге де құрылғы немесе қашықтан кіру жүйесі (атауы).

4. 3-6-бағандарда қолма-қол жасалмайтын ақша төлемі мен аударымдары бойынша операциялардың, төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақша беру бойынша операциялардың саны және сомасы көрсетіледі. Көрсетілген бағандарда көзделген операциялардың саны және сомасы операциялардың мынадай белгілері бойынша операциялардың санына және сомасына қосу арқылы есептелінеді (банк шотынан ақшаны есептен шығару кезінде):

I - банк шығарған төлем карточкаларын пайдалана отырып банктің қызмет көрсету желісінде жасалған операциялар;

IV - банк шығарған төлем карточкаларын пайдалана отырып Қазақстан Республикасының басқа банкінің қызмет көрсету желісінде жасалған операциялар;

V - Қазақстан Республикасының резидент емес эмитенттері шығарған, сондай-ақ эмитенттері Қазақстан Республикасының резидент еместері болып табылатын Қазақстан Республикасының банктері тарататын төлем карточкаларын пайдалана отырып, банктің қызмет көрсету желісінде жасалған операциялар;

5. 7 және 8-бағандарда электрондық терминалдар арқылы қолма-қол ақшаны салу бойынша төлем карточкаларын пайдаланбай жүзеге асырылған төлемдер саны және сомасы көрсетіледі.

6. 9 және 10-бағандарда электрондық терминалдарды және қашықтан кіру жүйесін пайдалану бойынша банк шотынан ақша аудару арқылы төлем

карточкаларын пайдаланбай жүзеге асырылған қолма-қол жасалмайтын ақша төлемі мен аударымының саны және сомасы көрсетіледі.

Электрондық терминалдар мен қашықтан кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық ақшанды пайдалану арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары бойынша мәліметтерді ұсыну ережесіне 6-қосымша

№ 6 нысан

Ескерту. 6-қосымшаға өзгеріс енгізілді - КР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 268 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған алаяқтық операциялардың көлемі туралы мәліметтер

банктің атауы

20__ жылғы "___" _____
күні айы

| Төлем карточкасы жүйесінің атауы | Операция жүргізу күні | Алаяқтық тәсілі | Операцияның түрі | Операция жүргізу ортасы | Операция белгісі | Жүргізілген операция сомасы (тенге) |
|----------------------------------|-----------------------|-----------------|------------------|-------------------------|------------------|-------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

Басшы _____
(аты-жөні)

Орындаушы _____
(аты-жөні) телефон

20__ жылғы "___" _____

Мәліметтерді толтыру бойынша түсіндірмелер

1. Төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған алаяқтық операциялар туралы мәліметтерде тоқтатылған алаяқтық операцияларын қоспағанда, төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген алаяқтық операциялардың көлемі көрсетіледі. Мәліметтер әрбір операция бойынша жеке көрсетіледі және әмитент банк немесе эквайер операцияны алаяқтық операция деп белгілеген уақыттың есепті кезеңіне жатқызылады.

2. 1-бағанда төлем карточкасы жүйесінің атауы көрсетіледі, ол бойынша мәліметтер ұсынылады. Халықаралық төлем жүйесінің төлем карточкасын пайдалана отырып, осы төлем жүйесіне хабарламалар жібермей-ақ, операциялар жүргізілген жағдайда, 1-бағанда төлем карточкасы жүйесі атауының орнына "H2H" байланыс арнасы көрсетіледі.

3. 2-бағанда операция жүргізу күні көрсетіледі.

4. 3-бағанда алаяқтық тәсілдері көрсетіледі:

1 – жоғалған, ұрланған төлем карточкалары;

2 – шығару және қайта шығару кезінде төлем карточкасының ұстаушысы алмаған төлем карточкалары;

3 – қолдан жасалған төлем карточкалары;

4 – қосарланған прокат;

5 - почта, телефон, интернет-ресурс бойынша тапсырыс;

6 – басқалары.

5. 4-бағанда операциялардың түрлері көрсетіледі:

A – қолма-қол жасалмайтын төлемдер;

B – қолма-қол ақша беру бойынша операциялар.

6. 5-бағанда операция жүргізу ортасы көрсетіледі:

A - банкомат;

B - pos-терминал;

C - импринтер;

D – интернет-ресурс;

E – банктік киоск;

F – ұялы телефон.

G – өзге де құрылғы немесе қашықтан кіру жүйесі (атауы).

7. 6-бағанда Мәліметтер берілетін тиісті операцияның белгісі көрсетіледі:

I – банктің төлем карточкаларын пайдалана отырып жеке желіде жасалған операциялар;

II - банктің төлем карточкаларын пайдалана отырып Қазақстан Республикасының басқа банкінің желісінде жасалған операциялар;

III - банктің төлем карточкаларын пайдалана отырып Қазақстан Республикасынан тыс басқа банктің желісінде жасалған операциялар;

V - Қазақстан Республикасының резидент емес эмитенттерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып, банктің жеке желісінде жасалған операциялар

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.07.2014 № 105 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. 7-бағанда төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген алаяқтық операцияның сомасы көрсетіледі.

9. Есепті кезеңде алаяқтық транзакциялар болмаған кезде 1 – 6- бағандары толтырылмаған және 7-бағанда "0" мәні көрсетілген нысан жіберіледі.

Ескерту. 6-қосымша 9-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.07.2014 № 105 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Электрондық терминалдар мен қашықтан
кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық
акшаны пайдалану арқылы жүзеге
асырылған
ақша төлемдері мен аударымдары
бойынша
мәліметтерді ұсыну ережесіне
7-қосымша

Ескерту. Ереже 7-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 2012.08.24 № 268 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі)
Қаулысымен.

№ 7 нысан

Электрондық ақша эмитенті агенттерінің және электрондық ақша иелерінің саны туралы мәліметтер

—
банктің атауы
20 ___ жылғы "___"
күні айы

| Электрондық ақша жүйесінің атауы | Электрондық ақша эмитенті агенттерінің саны | | Электрондық ақша иелері – жеке тұлғалардың саны | | | | Электрондық ақшаны ақы төлеуге қабылдайтын дара кәсіпкерлердің және занды тұлғалардың саны | |
|----------------------------------|---|---------|---|---------|-------------------|---------|--|--|
| | Барлығы | Активті | Барлығы | Активті | Сәйкестендірілген | Барлығы | Активті | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | |

Басшы _____

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса))

Орындаушы _____

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) телефоны)

20 ___ жылғы "___"

Мәліметтерді толтыру бойынша түсіндірмелер

1. 1-бағанда Мәліметтер ұсынылатын электрондық ақша жүйесінің атауы көрсетіледі.

2. 2-бағанда есепті тоқсанның соңғы күніне электрондық ақша эмитенті агенттерінің саны көрсетіледі.

3. 3-бағанда есепті тоқсан ішінде электрондық ақшаны иемденуді немесе өткізууді жүзеге асырған электрондық ақша эмитенті агенттерінің саны көрсетіледі.

4. 4-бағанда есепті тоқсанның соңғы күніне электрондық ақша иелері – жеке тұлғалардың саны көрсетіледі.

5. 5-бағанда есепті тоқсан ішінде электрондық ақшамен операциялар жүргізген электрондық ақша иелері – жеке тұлғалардың саны көрсетіледі.

6. 6-бағанда есепті тоқсанның соңғы күніне электрондық ақша әмитенті сәйкестендірген электрондық ақша иелері – жеке тұлғалардың саны көрсетіледі.

7. 7-бағанда есепті тоқсанның соңғы күніне электрондық ақшаны төлем жасауға қабылдайтын дара кәсіпкерлер мен занды тұлғалардың саны көрсетіледі.

8. 8-бағанда есепті тоқсанда электрондық ақшамен операциялар жүргізген электрондық ақшаны төлем жасауға қабылдайтын дара кәсіпкерлер мен занды тұлғалардың саны көрсетіледі.

9. 7 және 8-бағандарда электрондық ақшаны төлем жасауға қабылдайтын дара кәсіпкерлер мен занды тұлғалар ретінде Мәліметтерді берген әмитентпен немесе тиісті электрондық ақша жүйесінің өзге қатысушысымен шарт жасаған дара кәсіпкерлер мен занды тұлғалар түсініледі.

Электрондық терминалдар мен қашықтан
кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық
ақшаны пайдалану арқылы жүзеге
асырылған
ақша төлемдері мен аударымдары
бойынша
мәліметтерді ұсыну ережесіне
8-қосымша

Ескерту. Ереже 8-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 268 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

№ 8 нысан

Электрондық ақшаны пайдалана отырып жүргізілген операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер

банктің атауы

20 ____ жылғы _____ үшін
тоқсан

| Электрондық ақша жүйесінің атауы | Операция жүргізу ортасы | Электрондық ақшаны пайдалана отырып жүргізілген операциялар | | | |
|----------------------------------|-------------------------|---|---|------------------|----------------|
| | | Жеке тұлғалардың пайдасына | Дара кәсіпкерлер және занды тұлғалардың пайдасына | Операциялар саны | Сомасы (тенге) |
| | | | | | |

Басшы _____

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса))

Орындаушы _____

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) телефоны

20__ жылғы "___" _____

Мәліметтерді толтыру бойынша түсіндірмелер

1. 1-бағанда Мәліметтер ұсынылатын электрондық ақша жүйесінің атауы көрсетіледі.

2. 2-бағанда операция жүргізудің тиісті ортасы көрсетіледі:

- 1) интернет-ресурс;
- 2) мобильді телефон;
- 3) электрондық терминалдар;
- 4) өзге де.

3. 3 және 4-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақшаны пайдалана отырып жеке тұлғалардың пайдасына жеке тұлғалар жүргізген операциялардың саны және сомасы көрсетіледі.

4. 5 және 6-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақшаны пайдалана отырып дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың пайдасына жеке тұлғалар жүргізген операциялардың саны және сомасы көрсетіледі.

Электрондық терминалдар мен қашықтан
кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық
ақшаны пайдалану арқылы жүзеге
асырылған
ақша төлемдері мен аударымдары
бойынша
мәліметтерді ұсыну ережесіне
9-қосымша

Ескерту. Ереже 9-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 268 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

№ 9 нысан

Айналыстағы электрондық ақшаның саны туралы және электрондық ақшаны шығару мен өтеу бойынша операциялардың саны және көлемі туралы мәліметтер

банктің атауы

20__ жылғы _____ үшін

тоқсан

| Электрондық ақша иелері | Электрондық ақша жүйесінің атауы | Айналыстағы электрондық ақшаның барлығы (тенге) | Электрондық ақшаны шығару | | Электрондық ақшаны өтеу | |
|--|----------------------------------|---|---------------------------|----------------|-------------------------|----------------|
| | | | Операциялар саны | Сомасы (тенге) | Операциялар саны | Сомасы (тенге) |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| Электрондық ақша әмитентінің агенттері | | | | | | |
| Жеке тұлғалар | | | | | | |
| Дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар | | | | | | |

Басшы _____

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)

Орындаушы _____

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) телефоны

20__ жылғы "___" _____

Мәліметтерді толтыру бойынша түсініктемелер

1. 2-бағанда Мәліметтер ұсынылатын электрондық ақша жүйесінің атауы көрсетіледі.

2. 3-бағанда есепті тоқсанның соңғы күніне шығарылған электрондық ақша сомасы көрсетіледі.

3-баған электрондық ақша әмитентінің агенттері, жеке тұлғалар, есепті тоқсанның соңғы күніне электрондық ақшаның иесі болып табылатынына байланысты дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бойынша толтырылады.

3. 4 және 5-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақша шығарылымы бойынша операциялардың саны және сомасы көрсетіледі.

4 және 5-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақша әмитентінің агенттері және электрондық ақша берілгеніне байланысты жеке тұлғалар бойынша толтырылады

4 және 5-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақша әмитентінің агенттері және электрондық ақша берілгеніне байланысты жеке тұлғалар бойынша толтырылады.

4. 6 және 7-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақшаны өтеу бойынша операциялардың саны және сомасы көрсетіледі.

6 және 7-бағандарда электрондық ақша әмитентінің агенттері, жеке тұлғалар, электрондық ақшаның оларды өтеу кезінде иесі болып табылатынына байланысты дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бойынша толтырылады.

кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық ақшаны пайдалану арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары бойынша мәліметтерді ұсыну ережесіне 10-қосымша

Ескерту. Ереже 10-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 268 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

№ 10 нысан

Электрондық ақша эмитенті агенттерінің электрондық ақшаны иемдену және өткізу бойынша операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер

банктің атауы

20__ жылғы _____ үшін
тоқсан

| | | | |
|---|--|------------------|----------------|
| Электрондық ақша эмитенті агенттерінің электрондық ақшаны өткізуі | Электрондық ақша эмитенті агенттерінің электрондық ақшаны иемденуі | | |
| Операциялар саны | Сомасы (тенге) | Операциялар саны | Сомасы (тенге) |
| 1 | 2 | 3 | 4 |

Басшы _____

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса))

Орындаушы _____

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) телефоны

20__ жылғы "___"

Мәліметтерді толтыру бойынша түсіндірмелер

1. 1 және 2-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақша эмитенті агенттерінің электрондық ақшаны жеке тұлғаларға өткізуі бойынша операциялардың саны және сомасы көрсетіледі.

2. 3 және 4-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақша эмитенті агенттерінің электрондық ақшаны жеке тұлғалардан иемденуі бойынша операциялардың саны және сомасы көрсетіледі.

Электрондық терминалдар мен қашықтан кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық ақшаны пайдалану арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары

бойынша
мәліметтерді ұсыну ережесіне
11-косымша

№ 11 нысан

Ескерту. Ереже 11-косымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 11.07.2014 № 105 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

банктің атауы

20 __ жылғы " ____ "

күні айы

төлем карточкаларын пайдалана отырып операциялар жүзеге асырылатын
банк шоттарындағы ақша қалдығы туралы мәліметтер

| Карточка түрлері | Орташа айлық қалдық (мың тенге) | Есепті айдың соңғы күнінің соңындағы қалдық ақша (мың тенге) |
|--|------------------------------------|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Төлем карточкалары (алдын ала төленген төлем карточкаларын қоспағанда) | | |
| Алдан ала төленген төлем карточкалары | | |

Басшы _____

(Аты-жөні)

Орындаушы _____

(Аты-жөні) телефон

20 __ жылғы " ____ "

Мәліметтерді толтыру бойынша түсіндірмелер

1. 1-бағанда карточканың түрі көрсетіледі:

1) Төлем карточкалары (алдын ала төленген төлем карточкаларын қоспағанда) - 2 және 3-бағандарда осы жол бойынша алдын ала төленген төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылатын операцияларды есепке алу үшін арналған эмитенттің шоғырландырылған шоты бойынша ақша сомасын қоспағанда дебеттік, кредиттік лимиті бар дебеттік, кредиттік карточкаларды пайдалана отырып жүзеге асырылатын операциялар бойынша банк шоттары бойынша қалдық ақшаның жалпы сомасы қойылады.

2) Алдын ала төленген төлем карточкалары – 2 және 3-бағандарда осы жол бойынша алдын ала төленген төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылатын операцияларды есепке алу үшін арналған эмитенттің шоғырландырылған шоты бойынша қалдық ақша сомасы қойылады.

2. 2-бағанда есепті айда төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылатын операциялар бойынша банк шоттарындағы орташа айлық қалдық

сомасы көрсетіледі. Есептің айда орташа айлық қалдық есептің айдың жұмыс күні ішінде ғана есептелетін (мереке және демалыс күндерін есептемей) банк шоттарындағы күнделікті қалдықты қосу және алынған мәнді есептің айдың жұмыс күнінің санына бөлу арқылы есептеледі.

3. З-бағанда есептің айдың соңғы күнінің соңындағы жағдай бойынша төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылатын операциялар бойынша банк шоттарындағы қалдық сома көрсетіледі.

4. Шетел валютасымен банк шоттарындағы қалдық күн сайын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысының 1-тармағында және нормативтік құқықтық актілерді Мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 тіркелген, "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын анықтау және қолдану тәртібін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығында көзделген тәртіппен айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгемен қайта саналады.

Электрондық терминалдар мен қашықтан
кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық
акшаны пайдалану арқылы жүзеге
асырылған
ақша төлемдері мен аударымдары
бойынша
мәліметтерді ұсыну ережесіне
12-қосымша

№ 12 нысан

**Ескерту. Ереже 12-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 11.07.2014 № 105 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

20 ____ жылғы " ____ "
күні айы

банктің атапу

басқа банктермен өзара іс-әрекеті және процесинг орталығы туралы
мәліметтер

| | | | |
|------------------------------|--|---|---|
| Процессинг орталығының атапу | Процесинг орталығында өндөлетін операциялар бойынша төлем карточкалары жүйелерінің атапу | H2H байланыс арнасын пайдалану шарты жасалған қарсы агенттің банкінің атапу | H2H байланыс арнасы шеңберінде өндөлетін операциялар бойынша төлем карточкалары жүйесінің атапу |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |

Басшы _____

(Аты-жөні)

Орындаушы _____

(Аты-жөні) телефон

_____ жылғы " ____ "

Мәліметтерді толтыру бойынша түсіндірмелер

1. 1-бағанда банкке қызмет көрсететін процесинг орталығының атауы көрсетіледі. Меншікті процесингті пайдаланған жағдайда, есеп беретін банктің атауы көрсетіледі.

2. 2-бағанда процесинг орталығында өндөлетін операциялар бойынша төлем карточкалары жүйесінің атауы көрсетіледі.

3. 3-бағанда есеп беретін банкпен Н2Н байланыс арнасын пайдалануға шарт жасаған банктің атауы көрсетіледі.

4. 4-бағанда Н2Н байланыс арнасын пайдалану шеңберінде өндөлетін операциялар бойынша төлем карточкалары жүйесінің атауы көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК